



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

алдыкорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№ 16 (1858) Жұма, 25-сәуір 2025 жыл Республикалық қоғамдық-саяси газеті



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРҒА ӘР АЗАМАТ АТСАЛЫСТЫ

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде сөйлеген сөзі.

Президент өз сөзінде жиынның маңызына тоқталып, «Тазалық» фестивалі өте тағылымды іс-шара екенін айтты.

Мемлекет басшысы тазалықтың мәні мен мағынасы жайындағы пікірімен бөлісіп, ойдың да, бойдың да, қоршаған ортаның да тазалығын сақтау әр адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші деп баға берді. Сондықтан тазалық халқымыздың болмысына сіңген қасиет болуы қажет екенін үнемі айтып келе жатқанын еске салды.

«Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз. «Жас келсе – іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәріңіз бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз – осы, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілердің еңбегін де ерекше атап өтті. Оның айтуынша, волонтер болу, ең алдымен, нағыз отаншыл азамат болу, яғни, патриот болу деген сөз.

«Осы шара шеңберінде бүкіл еліміз бойынша соңғы үш күнде 4,5 миллионға жуық көшет егіліп, орман алқабымызды толтырды. Айналамызды жинау, ағаш отырғызу арқылы біз жайлы да таза қоршаған орта қалыптастырамыз. Барлық аула мен көшені, саябақ пен алаңқайды ұқыпты ұстау – өз қолымызда. Тазалық пен тәртіп – дұрыс өмір салтын ұстанудың басты көрінісі, – деді Мемлекет басшысы.

Мұнан соң Мемлекет басшысы жастар ұсынған жобалармен танысқанын жеткізіп, әр бастамадан туған елге, табиғатқа деген қамқорлық байқалаты-

нына назар аударды. Мысалы, Дана Есенғали мен Камила Қышқашбаеваның жобаларына тоқталып, бұдан қазақ жастарының жасампаз болмысы көрінетінін, ел мен жерге шынайы жанашырлығы білінетінін мәлім етті. Сонымен қатар Қазақстанның болашағы осындай санасы сергек, ойы ұшқыр жастардың қолында екенін баса айтты.

«Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтіп бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы. Соңғы жылдары елімізде көптеген маңызды өзгеріс болды. Әділетті мемлекет болу үшін біз заң мен тәртіпке бағынатын қоғам құрып жатырмыз. Сондай-ақ ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, өскелең ұрпақ үшін, яғни, сіздер үшін жасалуда. Қазақ жастарының болашағы – жарқын, жолы – ашық. Мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Отаншыл, білімпаз, еңбекқор болыңыздар деп тілеймін. Сонда Қазақстанымыз да Әділетті, Таза, Қауіпсіз және Өркендеген озық ел болмақ. Бәріңізге сәттілік тілеймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Фестиваль соңында «Таза Қазақстан» акциясына белсенді қатысқан, қоғамда тазалық мәдениетін дәріптеуге ерекше атсалысқан бір топ жас марапатталды.

Сонымен бірге Президент «Таза Қазақстан» экофестиваліне арналған көрмені тамашалады. Мұнда қоқыс өңдеу, өндірістік кәсіпорындар жобалары, табиғат тазалығы бойынша стартаптар, мектеп оқушыларының экологиялық бастамалары, сонымен қатар балалардың қоршаған орта тақырыбына арналған шығармашылық жұмыстары қойылған.

(Жалғасы www.taldykorgan-online.kz желінік басылымында)



АССАМБЛЕЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТЫНЫШТЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясының пленарлық отырысына қатысты. Мемлекет басшысы басқосуға жиналғандарды Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуымен құттықтады.



Қадірлі отандастар! Құрметті Ассамблея мүшелері!

Бүгінгі басқосудың тарихи мән-маңызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Баршаңызға құтты болсын! Бұл – бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты.

Ассамблея тарихы еліміздің егемендік жылнамасымен тығыз астасып жатыр. Ұйым 1995 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылғанын білесіздер. Бұл бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мәнге ие болды. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды.

Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды. Оған қоса, Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар түгел Ассамблея жұмысына атсалысады. Министрліктерден, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктеріне дейін одан шет қалмайды.

Ассамблея қоғамдық ұйымдармен және институттармен тығыз байланыста жұмыс істеп, еліміздің ішкі саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Осылайша, мемлекет пен қоғам арасында сындарлы әрі жемісті сұхбат, яғни, диалог орнатуға ықпал етуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамында табысты еңбек етіп, елдік бастамаларға өз үлесін қосып жатыр.

Ассамблея сессиясы жыл сайын өтеді. Онда қабылданған шешімдерді мемлекеттік органдар міндетті түрде ескеруге тиіс. Сессиялар аралығындағы жұмысты Ассамблея кеңесі атқарады. Оның құрамына этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер мен әкімдер кіреді.

ҚХА Хатшылығы Президент Әкімшілігінің дербес құрылымдық бөлімі саналады. Барлық өңірде Достық үйі бар. Онда мыңнан астам этномәдени бірлестіктер орналасқан. Сондай-ақ облыс әкімдіктерінде «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемелері құрылды. Ассамблея құрылымында төрт мыңнан астам қоғамдық ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың мақсаты – бір, бұл – азаматтарымызды елдік маңызы бар жұмысқа тарту, яғни ортақ іске жұмылдыру. Мысалы, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесі отбасы институтын нығайтуға, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеуге атсалысып, ауқымды жұмыс жүргізуде.

Бүгін әріптесіміз Ахмед Мурадов және басқа да Ассамблея мүшелері ҚХА ардагерлерінің «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысатынын айтты. Мұндай жұмыстар ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда Ассамблеяның әлеуетін кеңінен қолдануға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

www.akorda.kz және толығырақ www.taldykorgan-online.kz

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕК: ЖАҢАШЫЛДЫҚ ПЕН ДАМУ

ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев Жетісу облысына жұмыс сапармен келді. Текелі қаласының әкімдігінде халықпен және азаматтық сектор өкілдерімен кездесу өтті. Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиевтің қатысуымен баспасөз мәслихаты ұйымдастырылды. Кездесу барысында денсаулық сақтау жүйесін дамыту мен саладағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың өзекті мәселелері талқыланды.

Жетісу облысы құрылған сәттен бастап 81 ауыл алғашқы медициналық-санитарлық көмекпен қамтылды, ал дәрігерлер тапшылығы 20,3%-ға азайды. Биыл тағы 72 ауылда жаңа медициналық мекемелер ашылады. 58 блокты-модульдік кешен орнатылып, 15 нысанның құрылысы аяқталды. 2025 жылы тағы 7 нысанды күрделі жөндеу жоспарланған. Ел



бойынша алғаш рет дәрігерлерге көтерме төлемдер енгізілді: ауылдық жерге келгендерге – 10 млн теңге, қалаға келгендерге – 5 млн теңге. Бұл мақсатқа 2024 жылы жергілікті бюджеттен 495 млн теңге бөлінді.

Облыстық кардиологиялық орталық базасында 20-дан астам жоғары технологиялық операция түрі орындалады. 2024 жылы 380 операция жасалды, 2025 жылы 450-ден астам операция жоспарланған. Шетелдік мамандардың қатысуымен күрделі бірлескен операциялар басталды, балаларға арналған кардиохирургиялық төсектер ашылды.

ЖЕТІСУ
ОБЛЫСЫНА
ЖЫЛ

ОБЛЫС БАСШЫСЫНЫҢ САРҚАН АУДАНЫ ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСУІ

Сарқан ауданында өткен биылғы жылғы алғашқы халықпен кездесуде облыс әкімі Бейбіт Исабаев аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарына тоқталып, маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға, соның ішінде су және газбен қамту, жол жөндеу жұмыстарына баса назар аударды, сондай-ақ ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті, туризмді дамыту және инвестиция тарту бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы баяндады.



Сарқан ауданы ауылшаруашылық аймағы болғандықтан, облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамытуға зор үлес қосып келеді. Мәселен, ауданда өткен жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 48 млрд. теңгені құрап, облыста өндірілген жалпы көлемнің 11 пайызын құрады.

– Биыл облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 45 млрд. теңге бағытталды, оның 27 млрд. теңгесі немесе 59% субсидиялар. Өңделетін шикізаттың 65%-ы өзімізде өндіріледі. Оның басым бөлігі қант қызылшасы, жүгері, сүт, майлы дақылдар мен дәнді дақылдар. Қант өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлінеді. Сарқан ауданында қант қызылшасын өсірудің агротехнологиялары дамығанын, жергілікті диқандардың бұл салада тәжірибесі мол екенін ескерсек, былтыр қант қызылшасының егіс көлемі 2 есеге, биыл тағы 900 гектарға ұлғаймақ. Осылайша, бұл дақыл аудан бойынша 3,8 мың гектарды алып жатыр, – деді Б.Исабаев.

Сонымен қатар аймақ басшысы жер мәселесіне, мал шаруашылығын, ветеринарияны дамытуға, сондай-ақ суармалы сумен қамтамасыз ету шараларына тоқталды. Атап айтсақ, ауданда «Тәуке» және «Ащылы-Өзек» каналдарының құрылысы толығымен аяқталып, биылғы жылы жергілікті бюджеттен 295 миллион теңге бөлініп, ұзындығы 11,6 шақырымды құрайтын «Тілеулі» магистралды каналына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда. Көктерек ауылы тұрғындарының өтініштері бойынша жоба аясында су беру бөгеттері де жасалады.

Өнеркәсібі өркендеген ауданында былтыр 11,8 млрд. теңгеге өнім өндірілген. Осы жылдың қаңтар-наурыз айларында 4,4 млрд. теңгеге өнім шығарылды. Бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,7 млрд. теңгеге артық. Аудан экономикасына 443 млн. теңгеге жуық инвестиция тартатын дәрілік өсімдіктерді өңдейтін зауыт құру жоспарлануда.

Жиында білім, медицина, спорт, тұрғын үй

құрылысы және жалпы әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәселелері де кеңінен талқыланды.

Кездесу соңында аудан тұрғындары көшелерді жарықтандыру, елді мекендер арасындағы жолдарды жөндеу, ауылшаруашылық жерлерін бөлу мәселелерін көтеріп, Балқаш көлінің жағалауындағы инженерлік желілер құрылысының аяқталу мерзімін сұрады.

Атап айтқанда, Балқаш көлінің жағалауын дамытудың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы әзірленді. Маусым айының соңына дейін су және электр желілерінің құрылысы аяқталып, келесі жылы көріздік тазарту қондырғысы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Сонымен қатар, өткен жылы Лепсі-Балқаш жолы жөндеуден кейін ашылды. 1 маусымға дейін Мопалыдан Балқаш көліне дейінгі жол құрылысы аяқталып, туристік маусым басталғанға дейін кедергісіз жүруді қамтамасыз етеді. «Балқаш жағалауындағы инфрақұрылымды дамыту туризмнің өрістеуіне маңызды серпін береді. Бұл облыс экономикасына ғана емес, жалпы Жетісу өңірінің өркендеуіне әсер етеді», – деп атап өтті Б.Исабаев.

Тұрғындардың «Лепсіден Мұқан Төлебаев ауылына дейін 60 шақырым жолы жөндеме ме?» деген сауалына келер жылы жол жөнделеді деп жауап қайырды. Ол жақта қазір көпір салынып жатыр. Құрылыс жұмыстары аяқталған соң екінші жарты жылдықта жобасы жасалынбақ, 60 шақырым жолды 3 бөлікке бөліп, кезек-кезеңімен салынады.

Жалпы, бір жарым сағатқа жуық уақыт өткен жиында облыс әкіміне түрлі тақырыпта 10-нан астам сауал қойылып, әрқайсысына нақты жауап берілді.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Сарқан ауданына жұмыс сапары аясында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады және ауыл шаруашылығы, әлеуметтік сала, абаттандыру және көгалдандыру бойынша атқарылып жатқан шаралармен танысты. Сондай-ақ, Сарқан қаласы мен оның маңындағы бірқатар нысандар мен шаруа қожалықтарын аралады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі
Фототілші: Жеңіс ЫСҚАБАЙ



ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ

АУЛАЛАР ЖАҢАША КЕЛБЕТКЕ ЕНДІ

Облыс орталығы Талдықорған қаласындағы «Ұлан» шағын ауданының 1990 жылдардан бері жөндеу көрмеген ауаларын абаттандыру жұмыстары биыл толық аяқталады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың осы және қаладағы басқа да құрылыс нысандарын аралауы кезінде айтылды.

Алдымен қаланың «Ұлан» шағын ауданына барған өңір басшысы аулаларды абаттандыру жұмыстарының барысымен танысты. Аталған шағын ауданда жалпы саны 14 аула болса, соның 5-еуі өткен жылы жаңғыртылған, ал қалған 9-ы биыл жаңа кейіпке енбек. Осы 9 аулада «Фирма Мега-Сервис» мердігер компаниясы жұмыс істеуде. Қазіргі кезде демонтаждау аяқталып, монтаж жұмыстары 60 % атқарылды.

Осы күні облыс басшысы «Жетісу» шағын ауданындағы № 29 үйдің маңындағы ауланы абаттандыру барысымен де танысты. Мәселен, осы шағын ауданда 2018-2024 жылдар аралығында 11 аула жөнделсе, биылғы жылдың өзінде тағы 11 аула абаттандырылады.

Еске салсақ, жалпы биыл Талдықорған қаласында 39 ауланы абаттандыру жоспарланған, соның 9-ы - «Ұлан», 11-і - «Жетісу», 11-і - «Жұлдыз» шағын аудандарында. Сондай-ақ «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 20 мекенжайға балалардың ойын және спорт алаңдарын орнату көзделген. Оған қоса биыл көп қабатты 2 үйдің шатыры жөнделіп, 20 көп пәтерлі үйдің қасбеті жаңартылады.

Мұнан соң облыс басшысы қаладағы көркем гимнастика орталығы салынып жатқан құрылыс алаңында да болды. Қазір мұнда жер қазу жұмыстары жүріп жатыр. Жалпы алаңы 2,2 мың шаршы метр болатын, бір ауысымда 90 адам қабылдай алатын универсалды және гимнастика залдары қарастырылған орталық қараша айында іске қосылады деп жоспарланып отыр. Облыс әкімі мұндағы құрылыс қарқынының бәсеңдігін сынға алып, қала әкімдігіне нысанды мерзімінде, сапалы бітіруді қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



«7 ÖZEN» КЕҢ АУҚЫМДЫ ЭКОФЕСТИВАЛІ

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында аумақтарды тазалау мен ағаш егу шаралары жалғасуда. Мәселен, экологиялық шараға халық белсене атсалысып, 5 мыңға жуық адам қатысты. Атап айтқанда, Жетісудың жеті өзенінің жағасын тазалаған «7 ÖZEN» атты кең ауқымды экологиялық фестивалі өтті. Сол сияқты Талдықорған қаласында «EcoKeeper» акциясы ұйымдастырылып, қаланың басты көшелері тұрмыстық қатты қалдықтарды іріктеу мәсілі арқылы қоқыстан тазартылды.

«7 ÖZEN» атты кең ауқымды экологиялық фестивалі өңірдің 8 аудан-қаласынан ағатын Қаратал, Көксу, Ақсу, Шажа, Сарқан, Лепсі және Бүйен өзендерінің жағалауын тазарту мақсатында өткізілді. Оған жергілікті жастар, еріктілер және тұрғындар белсенді түрде қатысты. Шара аясында өзен жағалауларын қоқыстан тазарту, экологиялық ойындар мен шеберлік сабақтары, сондай-ақ табиғатты қорғауға бағытталған ақпараттық дәрістер өткізілді. Фестивальге 600-ге жуық жас қатысып, 20 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 10 тоннаға жуық қоқыс жиналды. Бұл бастама жастардың экологиялық сана-сезімін арттырып, табиғатқа деген жанашыр көзқарас қалыптастыруға үлкен серпін берді.

Сонымен қатар облыс бойынша «Жүгір де тазала – экологгинг» және «Жасыл белдеу» акциялары өтті. «Жүгір де тазала – экологгинг» акциясы аясында облыс спортшылары, ерікті жастар командаларға бөлініп, белгіленген локацияларды қоқыстан тазалаумен қатар, шапшаңдық пен ұтқырлығын шыңдады. Акцияға 1 665 адам қатысып, 20 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 314 тонна қоқыс шығарылды.

Ал «Жасыл белдеу» акциясына аудан-қала тұрғындары, депутаттар, қоғам белсенділері, ерікті жастар - барлығы 2 320 адам атсалысып, 17 техника жұмылдырылды. Облыс аумағындағы саябақтарға, скверлер мен аллеяларға 3 500 түп ағаш, 67 350 гүл отырғызылды.

Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының мәліметі бойынша дайындалды



СЕССИЯ
В ЦЕНТРЕ
ВНИМАНИЯ –
ТРАНСФОРМАЦИЯ АНК

23-24 апреля в Астане прошла XXXIV сессия Ассамблеи народа Казахстана (АНК). Мероприятие объединило более 1600 человек. В их числе депутаты Мажилиса Парламента, члены Ассамблеи из всех регионов, председатели республиканских и региональных этнокультурных объединений.

Область Жетісу на данном мероприятии представила делегация в составе 35 человек. Из них 24 члена АНК и 12 приглашенных.

В первый день сессии прошло заседание республиканского совета Ассамблеи народа Казахстана, где присутствовали председатель русского центра, член республиканского совета АНК Лариса Котельникова, а также председатель регионального центра «Жомарт жан» Римма Салыкова, она же выступила в качестве спикера.

Во второй день сессии с участием Главы государства подведены итоги более чем 30-летней работы Ассамблеи народа Казахстана и намечены новые направления развития. В центре внимания – трансформация АНК в современную, гибкую и по-настоящему общественно значимую платформу.

Еще накануне мероприятия недавно назначенный заместитель председателя АНК Дмитрий Останькович в своем интервью республиканским изданиям подчеркнул, что роль АНК сегодня гораздо шире, чем может показаться на первый взгляд. Она выходит далеко за рамки сохранения культурного наследия.

«Ассамблея народа Казахстана сегодня – это важнейшая общественная платформа, объединяющая людей разных национальностей, культур и традиций вокруг общих казахстанских ценностей. Ее роль не ограничивается сохранением культурного наследия – она формирует атмосферу взаимного уважения, гражданской ответственности и единства», – сказал Д. Останькович.

Своим мнением после основной сессии поделились и члены делегации нашей области: «Президент озвучил несколько задач. Среди них: активное вовлечение молодежи через культуру, образование, волонтерские проекты и медиаплатформы; усиление роли этнокультурных объединений в жизни гражданского общества; продвижение принципов «Адал Азамат»: честности, социальной ответственности и уважения к закону; переход к современному и доступным форматам коммуникации с обществом и другие. Для их решения мы и продолжим свою дальнейшую работу».

Соб. инф.

О, Казахстан, ты под пальцами солнцем
Раскинул свой шатер степей, лесов...
Чтоб описать их красоту, не хватит
Всех самых лучших и прекрасных слов.
Ты подарил спокойствие всем тел,
Кто покидает под бескрайней высью,
Со всей земли собрал народы ты к себе
Гордились мы прибалкой этой жизнью!
В твоих степях акыны процветали,
Здесь возрождалось то, что мир уби.
Мы благодарны, что все эти дали
Ты без остатка людям подарил.
Ты для кого-то просто государство,
Клобок земли на карте, только вот
Для нас ты – Родина, ты – маленькое царство,
Ты – высочайший беркут полет!

Наталья МАТВЕЕВА

ОБЪЯВЛЕНИЕ



1 МАМЫР БІРЛІК КҮНІНЕ ОРАЙ
«БІРЛІК ЖҮГІРІСІ»

1
МАМЫР



УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ И ГОСТИ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ!

Приглашаем вас принять участие в спортивно-массовом мероприятии «Бірлік жүгірісі», посвященное Дню единства народа Казахстана, которое состоится 1 мая этого года. Укрепим наше единство и вместе будем пропагандировать здоровый образ жизни!

Для получения дополнительной информации и регистрации:
«Дом дружбы», мкр «Каратал», 36 А (+7 771 660 3423 Меруерт).

НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫЙ СЕКТОР
ГРАНТОВОЕ ФИНАНСИРОВАНИЕ В ЖЕТИСУ:
КАТАЛИЗАТОР СОЦИАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ



Впервые механизм грантового финансирования в области Жетісу внедрили в 2023 году. Это стратегическое партнерство между местными исполнительными органами и сектором неправительственных организаций послужило стимулом для активизации гражданской деятельности и решения насущных социально-экономических вопросов региона. За два года было реализовано 16 грантовых проектов на общую сумму 116 миллионов тенге. Данные инвестиции свидетельствуют о значительном потенциале грантового механизма как инструмента стимулирования развития гражданского общества, укрепления его институциональной способности и повышения уровня социальной активности населения.

Регион наряду с другими областями переходит на грантовое финансирование. Динамика распределения грантовых средств демонстрирует устойчивую тенденцию к увеличению объема финансирования, что подтверждает растущую значимость данного инструмента в контексте регионального развития. В 2023 году было профинансировано 7 проектов на сумму 57 миллионов тенге, тогда как в 2024 году количество профинансированных проектов возросло до 9, а общий объем финансирования составил 59 миллионов тенге.

Примечательно, что плодотворное сотрудничество между Управлением общественного развития области Жетісу и Единым оператором грантов успешно продолжается и в 2025 году. В текущем году на реализацию новых социально значимых проектов было выделено 8 грантов на общую сумму 71,6 миллионов тенге, что свидетельствует о последовательной поддержке гражданских инициатив в регионе.

Бауыржан Абибеков, руководитель Управления общественного развития акимата области Жетісу, отмечает, что грантовое финансирование оказывает выраженный положительный эффект на социально-экономическую структуру региона:

«Грантовое финансирование качественно трансформирует подходы к решению проблем, расширяет охват целевых групп, адресно поддерживает население, повышая уровень жизни, развивая гражданское общество и укрепляя социальную стабильность. В 2024 году были реализованы значимые проекты. Например, ОФ «Basqaru» в рамках проекта «JetisuBasqaru» опросил 1900 жителей 2 городов и 8 районов, оценивая качество госуслуг с применением метода «тайный покупатель». ОО «Зелёная солидарность» обучил 300+ экоактивистов. Также были проведены субботники, фестивали, конкурс рисунков и «Марафон чистых дел». Общественным объединением «Тамшыбулак» был создан Гражданский центр НПО области Жетісу, где специалисты оказывали консультации и информационные услуги, а также проводили мероприятия и семинары для «Школы НПО».

Анализ грантового финансирования в области Жетісу показывает существенную диверсификацию направлений поддержки. Если в 2023 году проекты были сконцентрированы преимущественно в социально-медицинском секторе – были охвачены 3 ключевых направления, то в 2024 году наблюдается значительное расширение тематического охвата до 7 направлений, включающего в себя вопросы институционализации гражданского общества, обеспечения правовой защиты, реализации экологических инициатив и поддержки служб пробации.

Данная экспансия тематического спектра свидетельствует о возрастающей потребности в финансовой поддержке различных сфер общественной жизни и о стремлении государства к обеспечению более широкого спектра социальных инициатив. Внедрение новых направлений позволило охватить более широкий спектр целевых групп, включая лиц, нуждающихся в правовой поддержке, лиц, находящихся под пробационным контролем, а также активистов, работающих в сфере экологии и образования.

Бакыт Калиева, председатель общественного объединения «Жас Ұрпақ», подчеркивает, что грантовое финансирование стало мощным стимулом для позитивных изменений:

«В 2024 году мы успешно реализовали 4 социально значимых проекта по заказу Управления общественного развития области Жетісу. Эти гранты стали для нас ценной возможностью внести свой вклад в развитие региона. Так, проект «Жетісу әкелер мектебі» объединил около 500 отцов в «Советы отцов» в 50 школах, проект «Zerdeleu» повысил правовую грамотность более 600 жителей, а 10 малых грантов поддержали местные инициативы. «JetisuNet» охватил более 1000 человек тренингами по профилактике лудомании и финансовой грамотности. Проект «Qoldau» помог 120 гражданам через адаптационный центр и консультации. Грантовая поддержка открывает перед НПО широкие перспективы для реализации важных социальных инициатив и достижения значимых результатов в

обществе».

«Благодаря грантовому финансированию в прошлом году мы реализовали проект «Взаимодействие уполномоченных должностных лиц с институтами гражданского общества в области Жетісу». Мы смогли достичь значимых результатов, к примеру, квалификацию повысили более 149 государственных служащих, хотя планировалось всего 31. В рамках проекта провели шесть обучающих семинаров. Также разработали анкеты для уполномоченных по взаимодействию с институтами гражданского общества в регионе на государственном и русском языках, собрали 51 экземпляр вместо запланированных 30 и подготовили аналитический доклад с рекомендациями для улучшения их работы. Особо отмечу выездной семинар в Сарканском районе, где представители трех районов обменялись опытом по вопросам государственного социального заказа», – рассказывает Жанар Нурмуханова, президент общественного объединения «Талдықорганский региональный центр поддержки женщин».

В 2024 году, в рамках реализации грантовой политики, фокус был смещен на приоритетные направления, коррелирующие с актуальными социально-экономическими вызовами региона. Акцент был сделан на развитии механизмов общественного мониторинга, обеспечении правовой защиты граждан и организаций, а также на стимулировании экологических инициатив.

Лима Диас, председатель Правления НАО «Центр поддержки гражданских инициатив», отмечает устойчивый рост грантового финансирования и расширение его направлений:

«Синергия с местными исполнительными органами оптимизирует распределение ресурсов. Расширение охвата целевых групп способствует комплексному решению региональных проблем. Гранты выступают стимулом для позитивных изменений, развивая гражданское общество и повышая правовую осведомленность. Грантовый механизм демонстрирует тенденцию к прогрессивному развитию, открывая новые возможности для НПО и локальных сообществ, а также обеспечивает комплексное решение актуальных социально-экономических проблем региона, способствуя мультипликативному эффекту в различных сферах общественной жизни».

Внедрение грантового механизма в Жетісу активизировало гражданское общество, укрепив НПО и расширив спектр реализуемых социальных проектов. Рост финансирования и диверсификация грантовых направлений способствовали улучшению качества жизни населения, повышению правовой грамотности и социальной стабильности. Гранты стимулировали развитие различных секторов, от здравоохранения до экологии, обеспечивая комплексное решение региональных проблем и способствуя устойчивому развитию региона.

Управление общественного развития области Жетісу

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Өңір шаруалары көктемгі дала жұмыстарына білек сыбана кірісіп, алқап басында қызу еңбек. Көктемгі дала жұмыстарының барысымен танысу мақсатында қала әкімі Ернат Бәзіл «Самай» шаруа қожалығына арнайы барып қайтты.

Қала әкімі Ернат Бәзіл:

– Қаламызда 6 мыңнан аса гектар жер ауыл шаруашылығына тиесілі. Жыл сайын жер игеріп, табанды еңбек етіп жүрген диқандардың еңбегі орасан. Осы ретте мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар да аз емес. Ендігі меже себілген дақылдардан мол өнім алу.

Ауыл шаруашылығы бөлімі ұсынған мәліметке сәйкес, облыс орталығындағы ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс көлемі 6206 гектарды құрап отыр. Оның ішінде: дәнді дақылдар – 1140 га, майлы дақылдар – 3327 га, қант қызылшасы – 100 га, көкөністер, картоп және бақша дақылдары – 616 га және көпжылдық шөптер – 1022,5 га игеріледі деп жоспарлануда.

Сондай-ақ, биыл көктемгі дала жұмыстарына «Аграрлық несие» корпорациясы арқылы «Кең дала» бағдарламасы аясында шаруаларға 188,6 млн теңге көлемінде арзандатылған несие берілген. Сонымен қатар, 22 шаруа қожалығы дала жұмыстарына қажетті 125,2 тонна дизель отынына өтінім беріп, жанармай алуда.

ЭЛЕКТРЛІ КӨЛІК ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ

Қала экологиясын жақсарту мақсатында Талдықорғанда тұңғыш рет электрлі көлікті енгізу жоспарлануда. Дыбыссыз, әрі ауаға зиянды қалдықтарды шығармайтын электроавтобустар соңғы технологиямен жабдықталған. Сондай-ақ, тез зарядталу қабілетіне ие.



FalconEuroBus – заманауи электр автобустарының жетекші өндірушісі. Барлық дизайны, модельдері мен көлік түрлері Мұрат Әділханға тиесілі, зауыт Алматы қаласында орналасқан. Елімізде құрастырылған электроавтобустардың жаңа мүмкіндіктерімен танысқан қала әкімі Ернат Бәзіл, озық технологияның қала тұрғындары үшін қаншалықты тиімді екенін атап өтті.

БӘЙГЕГЕ 100-ДЕН АСА ШАБАНДОЗ ҚАТЫСТЫ

Талдықорған төрінде бәйге маусымының ашылуына орай ұлттық ат спорты түрлерінен бәйге жарысы өтті.

Бәйге маусымының шымылдығын қала әкімі Ернат Бәзіл ақжарма тілегімен ашып, шабандоздарға сәттілік тіледі. Дүбірлі ат жарысына еліміздің әр өңірінен 100-ден астам шабандоз қатысып, өзара мықтыны анықтады. Қатарында Жетісудың даңқты шабандозы Амангелді Хамза да бар.

Құнан жарысында жүлделі I орынды Уәлибек Шымырбаев жеңіп алса, «Аламан» бәйгеде I орын Абай облысынан келген Амир Сералыға бұйырды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



ПЛЕНУМ

АҚСАҚАЛДАР АЛҚАСЫНЫҢ АЛҚАЛЫ ЖИЫНЫ

Еліміз бойынша алдағы мамырда өтетін іс-шаралардың ішінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы ерекше орын алады. Қазақстандықтардың ортақ Отанды қорғау жолындағы жанқиярлықпен жасаған ерліктері бүгінгі ұрпаққа үлгі.

Жуырда Астана қаласында өткен республикалық Ардагерлер кеңесінің алқалы жиынында да басты тақырып Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналды.

Оған облысымыздан 3 ардагер қатысып қайтқан болатын. Талдықорған қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақшабай Керімбеков кеңестің V пленумын ашық деп жариялап, еліміздің бас қаласында болып қайтқан сапары жайлы әңгімелеп, Ұлы Жеңістің маңыздылығына тоқталды. 2024 жылы атқарылған жұмыстардың нәтижесін атап өтіп, алдағы жұмыс жоспарымен бөлісті, сонымен қатар кеңес мүшелерінің жаңа құрамымен таныстырды. Төрағаның айтуынша Талдықорған қаласында 27 мыңнан астам зейнеткер, ардагерлердің 130 бастауыш ұйымы бар бар. 4 мыңнан астам ардагер қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысады. Кеңес тарапынан әлеуметтік көмекті қажет ететін азаматтарға қолдау көрсетіліп келеді. «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа аманат» бағдарламасы бойынша қала әкімдігі, білім бөлімімен бірлесе оқушылар мен жастарға тәрбие беру мақсатында арнайы іс-шаралар

өткізіліп, БАҚ арқылы насихатталып отырады. Май-дангерлер мен оларға теңестірілген ардагерлерге әлеуметтік көмек жасау ісі назардан тыс қалған емес. Жарыссөзге шыққан ардагерлер Кеңес төрағасының жұмысына «қанағаттанарлық» деп баға берді. Қала ақсақалдары мен ардагерлерінің жиынына шаһар басшысы Ернат Бәзіл қатысты. «Ардагерлер кеңесінің жұмысын қолдау үшін биылғы жылы бюджеттен 12 миллион қаражат бөлінді. Атқарып жатқан жұмыстарыңызға көңіліміз толады. Біз сіздерден тәлім-тәрбие алып, болашаққа жылжымыз. Қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып, алдыңға қатардан табылып жүрсіздер. Қоғамдағы адами құндылықтарды құлдыратпай, ұрпақ тәрбиесінде жастарды жақсы болуға, әділетті, адал болуға, салт-дәстүрді сақтауға қосып жүрген ерекше еңбектеріңізге алғысымды білдіремін. Тәуелсіздік тарихының сахнасында қайта түлеп, жаңаша бағытта дамып жатқан еліміздің қазіргі және болашақтағы қадамына даналық сөздеріңіз, көшелі істеріңіз қашанда қажет. Жас толқынның бойына тағылымды тәрбие сіңіруде сіздердің, аға буынның берері мол. Еңбектеріңізді сәттілік тілеймін», – деді қала әкімі. Жиын қорытындысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауын, Ұлттық Құрылтайда айтқан тапсырмасын, 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялануын назарға ала отырып, жүйелі жұмыс жасау үшін арнайы қаулы қабылданды.

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ ОЙДАҒЫДАЙ АЯҚТАЛДЫ

Талдықорған қалалық Қоғамдық кеңесі мүшелерінің кезекті отырысы өтіп, онда «Талдықорған қаласындағы жылу беру маусымының аяқталуы және алдағы жылыту маусымына әзірліктер туралы» мәселе қаралды.

Жетісу облысының орталығында жылыту маусымы қала әкімінің өкімімен 2024 жылдың 14 қазанында басталып, 2025 жылдың 7 сәуірінде аяқталды. 75 тәулікке созылған жылыту кезеңінде барлық қазандықтар бекітілген температурамен кестеге сай үзіліссіз жұмыс істеп, апатты жағдайлар орын алмады. «Талдықорғанжылусервис» ШЖҚ ҚМ басшысы Манархан Ахимбековтың баяндауынша кәсіпорынның барлық қазандықтарындағы отын қоры жылыту маусымын сәтті аяқтауға мүмкіндік берген. Газға ауыстырылған тоқсандық қазандықтар үшін табиғи газды жеткізу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылған. Қордағы отын-мазут мөлшері де жеткілікті

болуы, жылыту желелілерінің маусымға дайындық жасау барысында сапалы жөндеуден өткізілуі де төтенше оқиғаларды тіркелмеуіне бірден бір септігін тигізген. Қоғамдық кеңес мүшелері «Талдықорғанжылусервис» ШЖҚ ҚМ басшысының баяндамасын назарға ала отырып, 2025/2026 ж.ж. жылыту маусымын лайықты дәрежеде өткізуге байланысты жөндеу іс-шараларын мерзімінде және сапалы жүргізуді ұсынып, қоғам пікірін ескерусіз қалдырмауды сұрады. Кеңестің күн тәртібіне қойылған Талдықорған қаласында әлеуметтік маңызға ие жолаушыларды тұрақты тасымалдауға байланысты тарифтерді белгілеуге қатысты «Талдықорған қаласының аумағында қалалық (ауылдық) қатынастарда жолаушылар мен жүкті автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланған тарифті белгілеу туралы» қаулыға өзгерістер енгізуге қатысты екінші мәселені қарау белгілі себептерге байланысты Кеңес мүшелері тарапынан қолдау таппай кейінге шегерілді. Басқосуда Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспары бекітіліп, сараптамалық тобының жаңа мүшелері таныстырылды.

Өз тілшіміз

МӘСЛИХАТТА

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ИГЕРІЛУІ ҚАРАЛДЫ

Ағымдағы жылдың 23 сәуірінде Талдықорған қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларының кеңейтілген отырысы өтті. Күн тәртібінде «Талдықорған қаласының 2024 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы» және басқа да мәселелер қаралды.

Отырыста қалалық қаржы бөлімінің басшысы баяндама жасап, бюджет қаражатының игерілуі, кіріс және шығыс бөліктерінің орындалуы, сондай-ақ әлеуметтік



маңызы бар жобаларға бөлінген қаражаттың тиімді пайдаланылуы туралы ақпарат берді. Депутаттар бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен сұрақтарына жауап алды.



«МЕКТЕП БАРЫСЫ-2025»

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай оқушылар арасында қазақ күресінен «Мектеп барысы» жобасы өтіп, жеңімпазы анықталды. Жастардың салауатты өмір салтын ұстанып, бұқаралық спортты серік етуіне, ұлттық құндылықтарды жоғары қойып, қазақ күресін дамытуды мақсат еткен аталмыш сайыс ел аумағында өткен жылы алғаш рет ұйымдастырылып, дәстүрлі түрде жалғасын табуға.

Тартысқа толы додаға қаламыздың 26 мектебінен іріктеліп шыққан үздік балуандар «Мектеп барысы» атағы үшін белдесті. Жарыс шымылдығын қала әкімі Ернат Бәзіл ашып, жас өрендерге сәттілік тіледі.

– Бүгінгі дүбірлі дода жас балуандарымыз белдесті, нағыз азаматтардың бақ сынасатын алаңы. Сондай-ақ, ұлттық спорттымызды дәріптейтін, ер-азаматтарымыздың рухын көтеретін салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған бірегей жоба. Жастар арасында спорт пен спорттық шеберлікті дамытуда мұндай шаралардың маңызы зор. Осындай жарыс ұлтымыздың рухын асқақтатып,



жас спортшыларымыздың қазақ күресінен шеберліктері мен дарынын көрсетуге мүмкіндік беретіндігіне сенімім мол!-деді. Жүлделі II-орынды №4 орта мектебінің 10-сынып оқушысы Муслим Саятұлы, үшінші орынды №14 орта мектебінің 10-сынып оқушысы Ерасыл Мырзабек иеленді. Ал, №26 орта мектебінің 10-сынып оқушысы Асылбек Қошман «Мектеп барысы» атанды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАТЫРЛАР

ӨРЕСІ БИІК ӨР ТҰЛҒА

Сұрапыл соғыстың аяқталуына сүбелі үлесін қосқан оғандардың қатарында қазақ елінің біртуар перзенті, Кеңес Одағының батыры, кейін Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі болған Сағадат Нұрмағамбетов те бар. Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысы, Еңбек ауылында дүниеге келіп, 2013 жылдың 24 қыркүйегінде өмірден озды. Әскери қайраткер, армия генералы, Кеңес Одағының батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш қорғаныс министрі, «Халық қаһарманы», Алматы, Астана, Донецк (Украина) қалаларының, Ақмола облысының, Ақкөл ауданының Құрметті азаматы.

1942 жылы әскер қатарына шақырылып, 1-Белорус майданында, Солтүстік Кавказ, Украина, Молдавия, Польша, Германия майдандарында соғысқан. Пулемет взводын, ротаны, 5-екпінді армияның атқыштар батальонын басқарды. Гитлер канцеляриясын шабуылдауға қатысты. Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындайды. Магнушев плацдармында болған шайқаста ол басқаратын пулемет ротасы 2 күн ішінде 120 фашист пен 12 пулемет орналасқан орынның көзін жояды. Варшава қаласынан 60 шақырым жерде орналасқан Магнушев қаласын жау әскерінен тазарту кезінде С.Нұрмағамбетов әскерлерді сауатты басқара білуімен көзге түседі.

Шайқастардың бірінде станокты пулемет дәлдеуші істен шығады. Соған қарамастан С.Нұрмағамбетов пулеметті қолына алып, жау әскеріне оқты қарша боратады. Ол фашистердің 2 жойқын шабуылына тойтарыс беріп, 65 фашист әскерін өлтіреді. Осылайша, 1945 жылдың 27 ақпанында 21 жасында Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының батыры атағы беріледі. 1945 жылдың 31 мамырында Сағадат Нұрмағамбетов Қызыл Ту орденімен марапатталады. Қазақтың

қаһарман жігіті соғысты Берлинде аяқтады.

Ол 1946 – 1949 жылдар аралығында Мәскеудегі Фрунзе атындағы Әскери академияны бітіріп, Орта Азиядағы Түркістан әскери округіне полк басқаруға жіберілді. Кейін әртүрлі штабтық, командалық лауазымдарда, оның ішінде Қазақ КСР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік топ әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары (Венгрия) қызметін атқарды. КСРО Қарулы Күштері Бас штабының академиясындағы курстарда білім алды.

Ал 1989 жылы Қазақ КСР соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесіндегі арда-



герлер мен Қарулы Күштер мүгедектері істері комитеті төрағасы қызметтерін атқарды.

1992 жылғы 7 мамырда Сағадат Нұрмағамбетов қорғаныс министрі болып тағайындалды. Қызметке тағайындалған соң, сапалы әскери мамандарды даярлауға бар күшін са-

лады.

«Қарулы Күшімізге қажетті мамандарды «қайда даярлаймыз?» деген сұрақ туындай бастады. Сонда біз қайттық, Ресейдің Бас штабымен республикаға кадр дайындау жөнінде шарт жасастық. Ресей әуелі келісім бере қойған жоқ, біз түгілі Украина мен Белоруссияны да жолатпады. Не керек, түбінде келісімге келіп, жыл сайын 40 офицерді әскери академияға, 250-300 офицерді әскери училищеге оқуға қабылдайтын болды. Менің жіберген сол офицерлерімнің көбі қазіргі кезде генерал шенін алып, жоғары лауазымдарға ие болып отыр. Академияларға оқуға қазақтың офицерлерін іріктеп, елдің мүддесі үшін

қызмет өтер, қол бастар деп жібердім. Үміт ақталды», - дейді Халық Қаһарманы.

1994 жылдың 23 мамырында сол кездегі Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен Сағадат Нұрмағамбетовке «Халық Қаһарманы» атағы мен №1 «Алтын Жұлдыз» табыс етілді. 1995 жылғы қарашада армия генералы атағымен отставкаға шығып, Қазақстан президентінің кеңесшісі болды.

Сағадат Нұрмағамбетов 1971-1994 жылдары республика Жоғарғы кеңесіне бірнеше мәрте депутат болып сайланды. Үкімет қаулысымен Астана қаласындағы «Жас ұлан» мектебіне армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілді. Оның жауынгерлік және қайраткерлік өмір жолындағы ерліктері мен еселі еңбектері жоғары бағаланып, көптеген КСРО наградларымен, Қазақстанның және шет елдердің ордендерімен марапатталды.

2013 жылдың 24 қыркүйегінде Сағадат Нұрмағамбетов 90 жасқа қараған шағында өмірден озды. Оның артында Лира Сәбиrowa есімді әйелі, Талғат пен Айсұлу есімді балалары мен 4 немересі қалды.

Әзірлеген Д. ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН

Неміс-фашист басқыншыларына қарсы күрестегі Ұлы Жеңістің 80 жылдығын салтанатты түрде атап өткелі отырмыз. Бұл мереке екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын мойнымен көтерген қазақ халқының жанына қаншама жара салды. Жеңісті жақындауға соғыстың алғы шебінде жүрген, жоюмен шайқасып, ерліктің сан үлгісін көрсеткен майдангерлермен бірге, тылда қалған кәрі-жас, бала-шаға ерлік пен төзімділіктің оскан үлгісін көрсетті. Ал бейбіт күнді көре алмай кеткен қаһармандарымыз қаншама!

Соғыс басталған кезде әкем Уәли Шынғожанов 18-ге толмаған бозбала екен. Майданға өзі сұранады. Алты ай дайындықта болып, оқуы біткеннен кейін қан майданға аттанады. 1941 жылдың қысында Сарқан аудандық әскери комиссариатынан аттанып кете барады.

Ол Украина, Днепропетровск даласында, жаяу әскер құрамында жауға қарсы тұрады. 1942 жылы аяғынан жарақат алып, госпитальда емделеді.

Тәуір болған соң қайта ұрыс алаңына аттанады. Қар құрсанып, мұз жаста-нады, алғы шепте жүргенде тағы кеудесінен қатты жарақат алады. Ұзақ емделсе де, денсаулығы жарамағандықтан, 1944 жылы елге қайтады. Бірден еңбекке араласып, жалғыз анасын асырайды. Үйленіп, алты баланың әкесі атанады.

Ол өте еңбекқор болатын. Шаруашылықтың кез келген жұмысын жасай беретін. Бидай суғарып, мал бағады, жер жырттып қызылша егетін. Күзде өзі күтіп, суғарған жерден рекордтық көрсеткіш көрсетіп, үлкен нәтижеге еңбектің арқасында қол жеткізуші еді.

Қартайғанша еңбектен қол үзген жоқ. Көктемде агрономдар әкемді алып кетіп, кеңес сұрайтын. Жер ананың жайын өте жақсы білетін. Қай кезде егін салу керек, қашан орақ салу қажет бәрін білетін шаруақор жан еді.

Анамыз Әлпи, жетім өскендіктен бе, әкеміздің айтқанын бұлжытпай орындайтын. Екеуі алты бала өсіріп, жеткізді.

Бір қыз, бес ұлды еңбек етуге тәрбиеледі. Бүгінде бәріміз де еңбектің арқасында биік мақсаттарға қол жеткіздік. Жеткен жетістіктің бәрі ардақты әкеміздің арқасы! Оның жасы 79- да шектелді. Әке құрметіне, 9 мамырда әке шаңырағына жиналып ас береміз, құран бағыштаймыз, еске аламыз.

Әкеміз Сарқан ауданының Құрметті азаматы, ерен колхозшы атағы бар, орден, медальдар иегері. Асқар тау әкеміздің басына барып құран оқытып, еске алып, ұрпағына ерлік ісі мен еңбегін айтып тұру парызымыз. Ата есімін ардақтайтын ұрпағы барлығына мың шүкіршілік етемін.

Нұртай УӘЛИҚЫЗЫ,
Сарқан ауданының Құрметті азаматы



ТӨРБИЕ

ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛАДЫ

Текелі қаласында орналасқан ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының оқу-жаттығу үйрету кавалериялық тобының жеке құрамы Ұлы Отан соғысының құрметіне арналған мемориал аумағында сенбілік өткізді.

Іс-шара барысында мемориал маңы абаттандырылып, аумақ толықтай тазартылды. Сонымен қатар, мемориал аумағында орналасқан шекара белгісі, Мемлекеттік Ту және Шекара Туының ұстама бөлшектеріне жеңілдетілген жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жарық шамдары да қайта қалпына келтіріліп, кешеннің көрінісі жаңартылды.

Бұл игі іс Жеңіс күніне арналған мерекелік шаралар аясында жүзеге асырылып, ардагерлерге деген терең құрмет пен алғыс сезімінің, сондай-ақ өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің айқын үлгісі болды.

Шекарашылар алдағы уақытта да осындай мәні зор бастамаларды жалғастыруға ниетті.



80 ЖЫЛДЫҚҚА – 80 ИГІ ІС



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты шекара бөлімшелерінде «80 игі іс» іс-шарасы аясында сенбілік ұйымдастырылды.

Аталған «80 игі іс» акциясы аясында алакөлдік шекара сақшылары Ұлы Отан соғысының ардагері мен Шекара қызметінің зейнеткерінің үйлерінде сенбілік жұмыстарын ұйымдастырды.

Іс-шара барысында әскери қызметшілер аулаларды тазалап, аумақты ретке келтіріп, қажетті тұрмыстық көмектер көрсетті. Бұл шара – ардагерлерге деген құрмет пен тағзымның, жас буынның патриоттық тәрбиесін нығайтудың бір көрінісі болды.

Ардагерлер мен зейнеткерлер көрсетілген қамқорлық пен көңіл үшін ризашылықтарын білдіріп, шекарашыларға қызметтеріне табыс тіледі. Мұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ НЕГІЗІ

Ұлттық құрылтайдың Үшінші отырысында Мемлекет басшысы қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру туралы бастама көтеріп, 23 сәуір – Ұлттық кітап күні болып бекітілді. Биыл мереке алғаш рет атап өтілді. Қасым-Жомарт Тоқаев «Бұл – білімпаздық, ізденімпаздық, кітапқұмарлық сияқты үгі қасиеттерді дәріптейтін күн. Кітап оқыған ұрпақ озық ойлы болады. Сапалы ұлт осындай құндылықтар арқылы қалыптасады», – деп атап өтті.



луіне жасалған маңызды қадам деп білеміз. Мереке аясында кітап апталығы өтіп, бірқатар маңызды шаралар ұйымдастырылды» – деп ізгі тілегін жеткізді. Салтанатты шараға қатысқан меймандар «Семей полигоны мүгедектері және ардагерлер ұйымының» төрағасы Толыбек Данабеков, «Жетісу облысының Черно-

быль ардагерлері мен мүгедектері» ҚБ төрағасы Мұстафа Хұсайын, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Көксу ауданының Құрметті азаматы, балалар жазушысы Жұмабала Балақаранова, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, ақын Санжар Сұлтанғазы кітаптың адамзат өміріндегі мән-маңызына тоқталды.

Мұхтар Мағауин «Белгілі мөлшерде жеке кітапханаңыз болғаны шарт. Ол үшін көп ақылдың керекі жоқ. Аласыз, жинайсыз, жұмыс кабинетіне немесе тұрғылықты үйдегі қолайлы бір бөлмеге реттеп, қаластырып қоясыз. Кез келген үлкенді-кішілі жазушы, жазушы емес, қандай да бір зиялы, сауатты азамат тұрмысындағы үйреншікті жағдай. Жеке кітапхана! Өзіңіз үшін, отбасыңыз, өсіп келе жатқан бала-шағаңыз үшін» деген. Кітап жинауға сергек қарайтын, кітап оқуға деген сүйіспеншілігі аса зор жандардың бірі – Аймарал Дәулетбек. Ол күнделікті тұрмыстық жағдайды, әрнені сылтауратпай, рухани толысуға басымдық берген. Оның басты миссиясы ұрпағына тәлімді тәрбие бере отырып, ерте жастан кітап әлеміне баулу. – «Қазір кітап оқитын жастардың қатары көп. Біздің қаламыздың өзінде кейде қоғамдық көлікте, кофеханаларда, саябақтардан кітап ұстаған қыз-жігіттерді жиі байқауға болады. Бұл орайда дамыған заманда мүмкіндік те көп қой. Әлемдік және қазақ әдебиетінің таңдаулы туындыларын оқуға және тыңдауға мүмкіндік беретін бірнеше арнайы платформалар бар. Ол жерде оқу сауаттылығын, кәсіби біліміңізді көтере аласыз, одан бөлек қазақ тілін үйренуге, дамытуға таптырмас құрал ретінде пайдалануға да болады».

Назәрке ӘДІЛБЕКОВА

ТУҒАН ӨЛКЕГЕ САЯХАТ



Қазақстанда жаңа мереке «23 сәуір - Ұлттық кітап күні» болып енгізілді. Бұл мереке халық арасында кітап оқуды насихаттауға ықпал ететін іс-шара.

Осы игі іс-шара аясында 16-23 сәуір аралығында «Талдықорған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен «Ұлттық кітап күні» фестивалі аясында қосымша шаруашылық (учхоз ЗВТ) №8 кітапхана филиалы ұжымының ұйымдастыруымен 22 сәуір күні «Жетісу» өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігі ұжымының директоры, «Жетісу» облыстық газетінің тілшісі, көптеген жинақтың авторы

Қажет Андас пен Шоқан Уәлиханов атындағы №10 мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушылары қатысуымен «Өлкенді таны, жас өрен» атты әдеби кураж өткізілді.

Кеш қонағы Қажет Андас Жетісудың төл тарихын, қасиетті жерлері мен тарихи орындарға тоқталып, кең көлемде мағлұмат берді. Мақсаты – кітапханалардағы өлкетану жұмыстарын жетілдіру, білім беру жүйесінде және жеке тұлғаны тәрбиелеуде өлкетану білімдерін кеңейту, дамыту арқылы мәдени-тарихи танымды қалыптастыру.

Айгүл ҚАДЫРОВА,
Учхоз (ЗВТ) №8 кітапхана
филиалының кітапханашысы

КІТАП – РУХАНИ АЗЫҚ



Мемлекет басшысының бекітуімен тұңғыш рет елімізде Ұлттық кітап күні болып белгіленіп, кітапханаларда түрлі шаралар өтуге.

Осыған орай Талдықорған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Өтенай ауылдық №5 кітапхана филиалында «Ұлттық кітап күні» фестивалі аясында «Кітап – миға керек азық» атты әдеби дастархан ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты – халқымыздың асыл мұрасын, салт-дәстүрі мен ұлттық тағамдарымыз бен әдебиетіміздің арасындағы тығыз байланысты дәріптеу болып табылады.

Шараға №21 мектептің 6 «а» сынып

оқушылары, ұстаздары қатысты. Шарада балалар әдебиетін, ұлттық тағаммен байланыстыру – ұрпақ тәрбиесіне, ұлттық құндылықтарды насихаттауға және мәдени мұраны сақтауға үлкен септігін тигізеді деген ой айтты. Ұлттық тағамдарды ертегілер мен шағын хикаялардың мазмұнына енгізу арқылы балаларға тағамның тарихын, жасалу жолын, маңызын қызықты түрде, викториналық сұрақ-жауап арқылы жеткізілді. Оқушылар екі топқа бөлініп мақал-мәтелдерден ребус шешіп, өлеңдер оқып жарысты. Белсене қатысқан топ Алғыс хатпен марапатталып, балаларға «Бауырсақ пати» ұйымдастырылды.

Г.СЕЙЛХАНОВА,
кітапханашы



ҚАЛАМ МЕН ПАРАҚТЫҢ ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМІ

«Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» Үкімет қаулысына толықтырулар енгізіліп, «23-сәуір – Ұлттық кітап күні» болып бекітілді.

Аталмыш мереке Мемлекет басшысының үшінші Ұлттық құрылтайдың негізгі сессиясында берген тапсырмасына сәйкес пайда болды. Мұндағы мақсат – қоғамда оқу мәдениетін қалыптастырып, озық ойлы мемлекетке айналу. Оның ең төте жолы кітап оқу десек, кітап оқуға ынтаны арттыру үшін қабылданып жатқан шараның ықпалы зор болмақ. Ұлттық кітап күні мерекесін мазмұнды етіп өткізу туралы тапсырмасына сәйкес Талдықорған қала-

сының орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Еңбек ауылдық №4 кітапханасында «Менің сүйікті кейіпкерім» рөлді сомдап оқу техникасы атты мерекелік шара өтті.

Шараға кітапхана оқырмандары мен кішкентай бүлдіршіндер қатысты. Кітап оқуды насихаттап, өскелең ұрпақ өміріне лайықты кітап оқу мәдениетін кеңінен қалыптастыру мақсатында балалардың назарына «Шалқан» ертегісі ұсынылды. Айтулы мерекенің ел игілігіне, кітапқұмар оқырманның көбеюіне әсер етері сөзсіз.

А.НҰРСАҒАТОВА,
Еңбек ауылдық №4 кітапханасының
меңгерушісі

ЕУРОПАЛЫҚ ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ
ВАКЦИНАЦИЯ -
ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАЙДЫ

Жыл сайын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының хабарлауынша, еуропалық аймақта аурудың алдын алу және өмірді қорғау үшін иммундау маңызды. Сондықтан 2025 жылдың 27 сәуір - 3 мамыр аралығында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасы бойынша Еуропа аймағында, соның ішінде, Қазақстан Республикасында «Барлығы үшін иммундау – адамның қолынан келеді» ұранымен Еуропалық иммундау апталығы өткізіледі.

Еуропалық иммундау апталығының мақсаты – вакциналарға тең және кең қолжетімділіктің маңыздылығын атап өту, бұл әр адам үшін ұзақ және салауатты өмір салтын қамтамасыз етуге ықпал ету. Қазіргі таңда жаһанда вакцинация инфекциялық аурулармен күресудің ең тиімді және экономикалық әдістердің бірі.

Жыл сайын вакцинациялаудың нәтижесінде 3 миллиондай сәби ажалдан аман қалып, 750 мыңдай бала мүгедектіктен арылады. Вакциналар бәрімізге толыққанды өмір сүруге мүмкіндік пен үміт береді. Вакцинациялау халық денсаулығын сақтауға, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстан Республикасының Ұлттық күнтізбесіне сәйкес тұрғындарға 21 жұқпалы ауруға қарсы жоспарлы түрде иммундау жүргізіледі. Профилактикалық күнтізбедегі инфекцияға қарсы вакцинация тегін жүргізіледі. Әр адам тегін екпе алуға құқылы.

Егудің көбін нәресте бірінші жылында алады. Бұл баланың шектеулі байланыстан қажетті иммунитеті балабақшаға барған кезде көп көлемді инфекциядан қорғану үшін осы кезде қалыптасады. Ауру балалық шағында ауыр түрде өтеді. Кейбір ата-ана егуге салғырт қарап немесе бас тартып өз баласын аурушандыққа итермелейді. Дәрігер ұсынған тізіммен егу уақытын сақтау қажет. Бүгінгі таңда қызылша, көкжөтел мен дифтерия ауруына шалдығулар дамыған елдерде бірен-саран тіркеледі. Бұл вакцинацияның тиімділігін көрсетуде.

ЗДОРОВЬЕ

ВРАЧ-УЗИСТ –
ГЛАЗА СОВРЕМЕННОЙ МЕДИЦИНЫ

Ультразвуковая диагностика (УЗИ) занимает особое место в современной медицине. Это один из самых безопасных и информативных методов обследования, который позволяет заглянуть внутрь организма без боли и риска для здоровья. Главным специалистом, который проводит это исследование, является врач ультразвуковой диагностики или просто УЗИст.



Работа УЗИста требует не только медицинских знаний, но и высокой концентрации, точности и умения «видеть» больше, чем просто изображение на экране. Ведь от его заключения зависят дальнейшие действия врача: постановка диагноза, выбор лечения и даже необходимость срочной операции.

Один из главных плюсов УЗИ – его универсальность. Врач-УЗИст может исследовать практически любые органы: сердце,



Ең бірінші, әрбір ата-ана бұл екпенің не үшін керек екенін білуі керек. Пайдасы болатынына сену керек. Екіншіден, екпе салмаса қандай қауіп барын түсінуі тиіс. Одан кейін баланың жалпы бұрыннан қандай екпе алғанын, қай екпеге аллергиясы немесе реакция болғанын білуі керек. Дәріге, тамаққа қандай аллергиясы бар соны да білуі тиіс. Екпеге барарда баланың жағдайына да қарау қажет. Созылмалы аурулары, басқа ауруы бар ма соның бәрін біліп, екпе салатын дәрігерге айтуы тиіс.

Ал дәрігер ата-анаға қандай инфекцияға қарсы егу жүргізілетіні және қандай препарат салынатыны жайлы айтып түсіндіреді.

Құрметті ата-аналар! Вакцинациялау алдын алуға болатын жұқпалы аурулардан балаларымызды қорғаудың ең сенімді жолы.

Иммундау апталығы туралы туындаған барлық сұрақтар бойынша Сіздер тұрғылықты жерлеріңізде орналасқан емханаға, егу пункттеріне, Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының башысы.

Р. МЕЙНБЕКОВА,
Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

печень, почки, щитовидную железу, суставы, сосуды, органы малого таза. Особенно важна их работа в акушерстве – именно с помощью УЗИ родители впервые видят своего будущего ребенка. В отличие от некоторых других методов диагностики УЗИ безопасно и может проводиться многократно, что особенно важно для контроля хронических заболеваний и наблюдения за беременными. Именно поэтому врач-УЗИст часто становится первым специалистом, к которому направляют пациента при жалобах на боли или отклонения в анализах.

Но важно понимать: хороший УЗИст – это не просто человек, владеющий аппаратом. Это специалист, который умеет анализировать, сопоставлять и замечать мельчайшие изменения. Он работает в тесной связке с другими врачами, помогая подтвердить или опровергнуть диагноз. В некоторых случаях именно от внимательности и опыта УЗИста зависит жизнь пациента. Современные технологии делают ультразвук все более точным. Появляются 3D и 4D-исследования, доплерография сосудов, эластография тканей. Врач-УЗИст обязан разбираться во всем этом оборудовании, а также регулярно проходить обучение, чтобы идти в ногу с прогрессом.

Таким образом, работа врача ультразвуковой диагностики – это сочетание науки, технологий и высокой ответственности. Эти специалисты – настоящие «глаза» медицины, без которых невозможно представить ни одну современную клинику.

К. КУЙКАЛАНОВА

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС



ҰЙҚЫ –
ТАБИҒИ ДӘРІ

Ұйқыңыз қандай екенін білесіз бе? Көп адам ұйқыны жай тынығу деп қабылдайды. Ал шын мәнінде, ұйқы – адамның физикалық және психикалық жүйелерінің қайта қалпына келетін күрделі биологиялық процесі. Ұйқы кезінде ми ақпараттарды өңдеп, есте сақтау жүйесін реттейді, ал ағзада гормондар теңестіріледі. Бұл жай тынығу емес, керісінше, ми мен дененің тынымсыз жұмыс істейтін уақыты. Төменде ұйқы туралы көпшілік біле бермейтін, бірақ ғылыми дәлелденген қызықты деректермен таныса аласыз.

1. Қорыл – жай ғана дыбыс емес
Кей адамдардың ұйықтап жатқанда қорылдайтынын жиі кездестіреміз. Бұл – жұтқыншақ бұлшық еттерінің босануынан туындайтын дыбыс. Артық салмақ, мұрын жолдарының бітелуі немесе шалқалап жату да себеп болуы мүмкін. Алайда қатты қорылдау кейде ұйқы апноэсының – тыныс алудың уақытша тоқтап қалу ауруының белгісі болуы мүмкін. Бұл – дәрігерге жүгінуді қажет ететін жағдай.

2. Түсінде сөйлеу – кездейсоқ па?
Ұйықтап жатып сөйлейтін адамдар да бар. Бұл құбылыс медицинада сомнилокия деп аталады. Ол көбінесе балаларда байқалады. Ал ересектерде бұл – жүйкенің шамадан тыс ширығуы мен мазасыз ұйқының белгісі болуы мүмкін. Түсінде айтылған сөздер мағынасыз болса да, бұл адамның мидың белсенді жұмыс жасап жатқанын көрсетеді.

3. Ұйқысыздық – мас болумен тең
Адам 24 сағат бойы ұйықтамаса, оның реакциясы мен ойлау қабілеті мас адаммен теңеседі – қандағы алкоголь мөлшері 0.10% болған кездегідей. Мұндай жағдайда рөлге отыру, маңызды шешім қабылдау өте қауіпті. Ұйқы жетіспеушілігі тек шаршау емес, жүйке, жүрек, тіпті өмірге қауіп төндіретін фактор екенін ескеру керек.

4. Ұйқы мен қартаюдың байланысы
Ұйқы – жастық шақтың табиғи көзі. Ұйқы

жеткіліксіз болса, адамның терісі ерте қартайды, иммундық жүйе әлсірейді және көңіл-күй тұрақсыз болады. Ғалымдар ұйқыны «ішкі косметолог» деп бекер атамайды. Яғни ұйқы – жас қалпында қалудың, денсаулықты сақтаудың негізгі жолдарының бірі.

Өзіңіздің ұйқы сапаңызды тексеріп көріңіз!

Төмендегі сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап беріңіз:

1. Күн сайын бір уақытта ұйықтап, бір уақытта оянасыз ба?
2. Ұйқыға кетуіңізге 15–20 минуттан артық уақыт кетпей ме?
3. Түнде жиі оянып кетпейсіз бе?
4. Таңертең сергек, демалған күйде оянасыз ба?
5. Ұйқыға дейін кемінде 1 сағат бұрын экран (телефон/теледидар) қарауды тоқтатасыз ба?
6. Күндіз ұйқышылдық сезбейсіз бе?
7. Кешкі уақытта кофеин немесе энергетик ішпейсіз бе?
8. Ұйықтар алдында мазасыз ойлар мазаламай ма?

Нәтиже:
7–8 «иә»жауабы – Жарайсыз! Ұйқыңыз сапалы.

5–6 «иә» жауабы – Жақсы, бірақ жақсартуға болады.

3–4 «иә» жауабы – Ұйқы режимін қайта қарап көріңіз.

0–2 «иә» жауабы – Ұйқыңызға шұғыл түрде көңіл бөлген жөн!

Қорытынды:
Ұйқы – жай тынығу ғана емес, бүкіл ағзаның өмір сүру сапасын айқындайтын маңызды жүйе. Денсаулығыңыз мықты болсын десеңіз – алдымен ұйқыңызды реттеңіз!

Айжан БЕЙСЕНОВА,
С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазақҰлттық медицина университетінің жалпы медицина факультетінің Молекулалық биология және медициналық генетика кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты,
Мирас ДУМАНОВ, Бексұлтан АРЖОУОВ, жалпы медицина факультетінің студенттері.

МЕДСЕСТРА –
НЕЗАМЕНИМАЯ ОПОРА МЕДИЦИНЫ

Современное здравоохранение невозможно представить без медсестер – специалистов, которые ежедневно находятся на передовой заботы о пациентах. Их работа выходит далеко за рамки простого выполнения назначений врача. Медсестра – это проводник между врачом и пациентом, человек, который круглосуточно следит за состоянием больного, оказывает первую помощь и поддерживает не только физически, но и морально.

Одной из ключевых задач медсестры является мониторинг состояния пациентов. Она контролирует артериальное давление, пульс, температуру, следит за приемом лекарств и своевременным выполнением процедур. Благодаря наблюдательности и профессионализму медсестры любые отклонения в состоянии здоровья пациента могут быть замечены раньше, чем врач успеет прийти на обход.

Кроме того, медсестры часто становятся психологической опорой для больных. В период болезни пациенты особенно уязвимы, и теплое, внимательное отношение медперсонала играет огромную роль в процессе выздоровления. Спокойствие, эмпатия и умение общаться – важнейшие качества хорошей медсестры, ведь не меньше лекарств помогает человеку забота.

Работа медсестры требует постоянного повышения квалификации. Новые техно-



логии, медицинские протоколы и оборудование требуют от специалистов гибкости и стремления к обучению. Медсестра должна быть не просто исполнительницей, а полноценным участником медицинского процесса.

Также стоит отметить, что в экстренных ситуациях именно медсестры первыми оказывают помощь. Во время пандемий, стихийных бедствий или аварий они берут на себя огромную ответственность, действуя быстро, четко и профессионально.

Таким образом, роль медсестры – это не просто профессия, а настоящее призвание. Без их труда здравоохранение не смогло бы функционировать на должном уровне. Их вклад в сохранение и восстановление здоровья миллионов людей нельзя переоценить. Именно медсестры делают медицину человеческой и доступной.

М. КАХАРМОНОВА

БІЛІМДІ ҰЛТ

1-СЫНЫПҚА 12 МЫҢНАН АСА БАЛА ҚАБЫЛДАНАДЫ

Оқушыларды мектепке қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Бірінші сынып оқушыларының құжаттарын қабылдау 1 сәуірден басталып, 31 тамызға дейін жалғасады. Құжаттарды электронды egov.kz арқылы және қағаз жүзінде беруге болады.



Жетісу облысында биыл бірінші сыныпқа өтініш қабылдау 1 сәуірден басталып, 2025 жылдың 31 тамызына дейін жалғасады. Бұл туралы Жетісу облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Қасымов Қайрат Саханұлы БАҚ өкілдерімен өткен жиын барысында айтып берді.

«1 сыныпқа алты жасар және биылғы жылы 6-ға толатын балалар қабылданады. Жетісу облысында 2025-2026 жылы 1 сыныпқа шамамен 12 мыңнан астам бала қабылдау жоспарланып отыр. Бүгінгі күні облыс бойынша 5656 баланың құжаттары қабылданды. Ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлға баланың құжаттарын egov.kz немесе қағаз түрінде тапсырады. Мектепке қабылдау мектептердің сыйымдылығына қарай жоспарланып, қабылданады», - дейді.

Жалпы білім беретін орта мектепке қабылдауға қажетті құжаттар тізімі:

- 1) ата-ананың немесе заңды өкілінің өтініші;
- 2) №065-у нысанындағы денсаулық жағдайы туралы анықтама және №052-2/у нысанындағы баланың денсаулық паспорты;
- 3) өлшемі 3x4 см сурет (2 дана)

Шетел азаматтары үшін:

Ата-аналар немесе басқа заңды өкілдер Қазақстанда уақытша немесе тұрақты тұруы керек. Шетелдіктер мектепке Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығы туралы және тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы құжаттарды ұсынуы керек.

Өтініш демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін қабылданады. Егер де қосымша сұрақтарыңыз болса, білім басқармасының 87282-329412 байланыс телефонына хабарласуға болады.

Данагүл МӘКЕН

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

БАСТЫСЫ – ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ЖОЮ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресу бірінші кезектегі міндеттер қатарына көтерілді.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы Саян Ахметжанов үстіміздегі жылдың 1-тоқсанында атқарылған жұмыстары турасында көшпелі баспасөз мәслихатында айтып берді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментінің жұмысы халық үшін ерекше мән беретін салалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға және бюджетке залал келтірмеуге бағытталған.

Ағымдағы жылдың I тоқсанында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасындағы 9 саланың 6-уы қамтылған. Мәселен, экология саласында пайдалы қазбаларды заңсыз өндіруге қатысты 19 әкімшілік айыппұл салынды. Білім беру саласында тәуекелдерді азайту мақсатында алдын алу шаралары қабылданды. 2025 жылдың наурыз айында «Фаворит» АЖ әзірлеушілерімен бірлесіп мектеп қызметкерлерінің жұмысқа қатысуын тіркейтін QR-код функционалы бар мобильді қосымша енгізілді. Бұл функционал оқытушылардың нақты жұмыс уақыты мен қатысуын автоматты есепке алуды



қамтамасыз етеді, нәтижесінде артық төлемдер мен «өлі жандардың» болуы тәуекелдері жойылады. Талдықорған қаласындағы №18 мектепте 26 наурыздан бастап пилоттық режимде сынақтан өтуде. Әлеуметтік қамсыздандыру саласында мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамту квоталары 2023-2024 жылдары тиісті талдаусыз, төмен мөлшерде белгіленгені анықталды. Биыл бұл квота 230 кәсіпорында 633 орынға дейін ұлғайтылды.

«Бизнесте жол» жобасы аясында бірінші тоқсанда 2 388 кәсіпкердің құқығы қорғалды. Ал «Мемлекеттік сатып алулар» мониторингі нәтижесінде бірінші тоқсанда 658 млн теңге үнемделді. Өңірдің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасы аясындағы жұмыс жалғасатын болады.

Данагүл МӘКЕН



ТАЗАЛЫҚ НАУҚАНЫНДА 120 ТҮП КАТАЛЬПА АҒАШЫ ЕГІЛДІ

Талдықорғанда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Қаратал өзенінің жағасына 120 дана катальпа ағашы отырғызылды. Көгалдандыру шарасына мекеме қызметкерлері, ардагерлер, ерікті жастар атсалысты.

Игі бастамаға көппен бірге қатысқан шаһар басшысы Ернат Бәзіл ағаш көшеттерін егіп, бұл бастаманың мәні зор екенін, көгалдандыру жұмыстары әлі де жалғасатынын жеткізді.

Жалпы Талдықорған қаласы бойынша жыл бойы 12 мың жапырақты және қылқан жапырақты ағаш отырғызу жоспарланса, соның 2 мыңға жуығы көктемде, ал 10 мың түбі күз мезгілінде отырғызылмақ.

Қазақстанда некені тіркеуге өтініш берудің үш жолы бар:

- ▶ АХАТ бөлімдері;
 - ▶ электрондық үкімет порталы;
 - ▶ екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы.
- АХАТ бөлімінде барлық азаматтар өтініш бере алады. Ал өтінішті онлайн беру барысында өтініш беруші жұптың екеуі де ҚР азаматы болуы керек.

Неке өтініш берген күннен кейінгі алғашқы жұмыс күнінен бастап есептегенде он бесінші күнтізбелік күні тіркеледі.

Егер бұл күн демалыс немесе мереке күніне түссе, тіркеу келесі жұмыс күніне ауыстырылады. Егер жұп белгіленген күні неке қию рәсіміне келмесе, өтініш күшін жояды және қайта өтініш беру қажет болады.

Егер жұп некеге алғаш рет тіркеліп жатса және ортақ балалары болмаса, АХАТ бөліміне жеке куәліктерімен келіп, сол жерде өтініш толтырып, **3 864 теңге** мөлшеріндегі тіркеу жарнасын төлеуі жеткілікті.

Ал егер жұптың біреуі немесе екеуі де бұған дейін ресми некеде тұрған болса және балалары болса, келесі құжаттар қажет:

- ▶ өтініш;
- ▶ екі тараптың жеке куәліктері;
- ▶ тіркеу жарнасының төленгені туралы түбіртек;
- ▶ бұрынғы некенің бұзылғаны туралы құжат;
- ▶ ортақ бала(лар) болған жағдайда, олардың туу туралы куәлігі.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

НЕКЕ ҚИЮҒА ӨТІНІШТІ ҚАЛАЙ БЕРУГЕ БОЛАДЫ?



ХАБАРЛАНДЫРУ

Егер Сіз деструктивті діни ағым өкілдерінің үгіт-насихат жұмыстарына, күдікті діни кітаптар, журналдар мен парақшалардың таратылуына куә болсаңыз немесе теологиялық, психологиялық және құқықтық кеңес алғыңыз келсе, Жетісу облысының Дін істері басқармасына қарасты «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу және оңалту орталығы» КММ-нің сенім телефонына хабарласып, тиісті мамандардан ақыл-кеңес ала аласыз.

Сенім телефоны: +7 700 427 23 35

Орталықтың мамандары сізге қажетті ақпарат пен кәсіби кеңес береді.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Если вы стали свидетелем агитационно-пропагандистской деятельности представителей деструктивных религиозных течений, либо обнаружили распространение подозрительных религиозных книг, журналов или листовок, а также если вы нуждаетесь в теологической, психологической или правовой консультации, вы можете обратиться на телефон доверия КГУ «Центр исследования проблем и реабилитации в сфере религий» при Управлении по делам религий области Жетісу.

Телефон доверия: +7 700 427 23 35

Специалисты Центра предоставят вам необходимую информацию и квалифицированную консультативную помощь.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Талпырыс №454 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.